

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР МЕН ОДАҒАЙ СӨЗДЕР

Байкабилов Усербай

*Ғылыми жетекші: Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
аға оқытушысы*

Олжабаева Нұргүл Төлебай қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті 1 курс студенті

Аннотация: Қазақ тілінде басқа сөз таптарындағы сөздерден фонетикалық, грамматикалық және семантикалық жақтан ерекшеленіп, өз алдына дара туған тарс етті, борс етті, гурс етті, шамп етті, жымың-жымың етті, талтаң-талтаң етті дегендегі тарс, гурс, шамп, жымың-жымың, талтаң-талтаң сияқты көру, есту қабілетінен пайда болған мыңға жуық сөздер бар. Бұл сөздер көркем әдебиетте көп кездесетін, айтайын деген ойды дәл жеткізу жағынан ерекше мәні бар тілімізге әрдайым әсемдік, ықшамдылық, көркемдік сипат беріп тұратын шығарма тілін бейнелеп мәнерлеп тұратын сөздер.

Кілтті сөздер: фонетика; грамматика; семантика; морфология; контекст; еліктеуіш; бейнелеуіш; одағай;

Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыс-тар мен заттардың бір-біріне қақтығысу-соқтығысуынан туатын дыбыстарды, сондай-ақ жан-жануар- лардың дыбысталу мүшелерінен шығатын әр түрлі дыбыстарды есіту қабілеті ар-қылы белгілі түсініктер ретінде қабылдаудан болған және сол түсініктердің атаулары есебінде қалыптасқан сөздерді айтамыз.

Одағай сөздердің мағыналық жағынан да, морфологиялық жағынан да, синтаксистік қызметі жағынан да өзіне тән ерекшеліктері бар. Осымен байланысты одағай-лардың жалпы сөз таптарының ішінде алатын орны ерекше. Түрленіп, өзгермейтін, адамның ішкі сезімін, көңіл- күйін білдіретін сөздер одағай сөздер деп аталады. Көңіл-күй, ішкі сезім дегендердің мағынасы өте көп, олар: қуа-ныш, реніш, үміттену, таңырқау, ұнату, күрсіну, өкіну, опыну, тітіркену, риза болу тағы басқалар. Одағайлар ойды көріктендіріп , ырғақпен (интонация) айтылатын сөйлем емес, бірақ сөйлемге болама ретінде қолданылатын сөздер. Бірақ олар іштей мүшелен-бейтін, синтаксистік жағынан басқа грамматикалық категориялардың оқшау тұра-тын, әлеуметтік қызметі мен мәні әбден түсінікті болып қалыптасқан сөздер. Осы ерекшеліктеріне қарай одағайлар адамның көңіл-күйлерімен байланысты алуан түрлі сезімдерді білдіретін лепті, сұраулы сөйлемдер ретінде қолданылады. Мысалы: қане! деген

одағай келіңдер! іске кірістік я іске кірісіңдер! деген ишаратты білдірсе міне! деген одағай көрдіңдер ме, айтқаным осы еді немесе осы сияқтанған басқа мағынада қолданыла береді. Ауызекі тілде қане! міне! дегендердің орнына сыпайырақ мәңіз, жеңіз, міні киіңіз, қаны киіңіз деп те айтады.

Түрленіп өзгермейтін, адамның ішкі сезімін, көңіл күйін білдіретін сөздер одағай сөздер делінеді. Көңіл-күй, ішкі сезім дегендердің мағынасы өте көп: өкіну, опыну, қуаныш, реніш, үміттену, таңырқау, ұнату, күрсіну, тітіркену, риза болу, тағы басқалар. Одағайлар сан жағынан өте көп, оның бәрін түгел айтып шығуда мүмкін емес. Одағай сөздер көбінесе адам сезімінің алуан түрлі күйін білдіретін дыбыстар сияқты болып келеді. Бірақ олар жайғана дыбыстар емес, жұртшылыққа әбден түсінікті болып, белгілі сөзге айналған.

Одағайлар негізгі және туынды болып екіге бөлінеді. Негізгі одағайларға ау, па, ей, әй, е, уа, уай, уау, я, пай, ө, о, оһо, ой, әй, ие, аһа, ау, беу дегендер жатады. Бұл одағайлар қайталаныпта қолданылады. Туынды одағай-ларға: мәсаған, бәрекелді, әттегенай, жаракімалла, масқарай, о тоба, астапыралла, япырмай, ойпырмай, о дариға сияқтанғандар жатады. Бұлар әуелбастағы мағыналы сөздерден я сөз тіркестерінен бірігіп одағай сөздерге айналған.

Одағайлардың дәлді мағынасы нақтылы сөйлеу жағдайларымен байланысты контексте айқындалады, өйткені бір одағай сөздің өзі қолдануы ерекшелігіне қарай, әр сөйлемде әр түрлі мағына береді. Демек бір одағайдың өзі бірде таңырқау, бірдесүй-сіну, бірде налу, бірде аяу, бірде ызалану, бірде ұнату, бірде ұнатпау, бірде күдік-теу, бірде мысқылдау, бірде назар аударып қарату сияқты жай-күйлерді білдіріп ауысып отырады. Осы тұрғыдан одағайларды шартты түрде үлкен үш топқа бөлеміз. 1. Көңіл-күй одағайлары: алақай, бәрекелді, әттеген-ай, ойбай, ей. 2. Зекіру одағайлары: тәйт, жә, тек. 3. Шақыру одағайлары: шөре-шөре, аухау-аухау, құрау-құрау, құр. Еліктеу сөздер деп өмірде ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан, соқтығысуынан туатын және жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен пайда болатын сөздер еліктеуіш сөздер делінеді. Еліктеу сөздерді іштей екі салаға бөлеміз: бірі – еліктеуіш сөздер, екіншісі бейнелеуіш сөздер. Есту арқылы пайда болатын ұғымдардың атын білдіретін сөздер еліктеуіш сөздер делінеді. Мысалы: мылтық тарс етті. Қарға қарс етті дегендегі сөйлемде тарс, қарқ сөздері мылтықтың дыбысы мен қарғаның дыбыс шығыруын есту арқылы, соларға еліктеуден пайда болған сөздер.

Еліктеуіш сөздер қай түріне болмасын түбірге бірден сөз түрлендіріп, қосымшаларды (көптік, септік, тәуелдік, жіктік) жалғауға болмайды. Бұларға еліктеуіш сөздерге ең алдымен сөз тудыратын жұрнақтарды жалғап барып, содан кейін басқа қосымшалармен түрлендіреміз.

Бейнелеуіш сөздер деп табиғатта кездесетін елес, құбылыстарды адамдардың көзбен көруінен пайда болатын ұғымдардың аттарын білдіретін сөздерді айтамыз. Мысалы: Қарға қарқ етті, Ірімшік жерге салп етті. Осындағы қарқ ету атау болса, салп ету қарғаға тән, адам көру арқылы қабылданатын көріністің бейнесін танытатын сөз. Сөйтіп, бейнелеуіш сөздер белгілі бір көріністің бейнесі екен. Еліктеуіш сөздер сияқты бейнелеуіш сөздер де қосарланып келе береді. Мысалы: елең-елең, салп-салп, жалп-жалп, жалт-жұлт. Бейнелеуіш сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстардың да ашық, я қысаң немесе жуан-жіңішке болып келуі олардың мағынасына әсерін тигізеді. Мысалы: Ол жалт етті. От жылт етті дегенде жалт деген мен жылт-тың мағынасы бір емес. Еліктеуіш сөздердің сөйлемдегі негізгі қызметі – пысықтауыш: Мысалы: бізге жалт-жалт қарады.

Тілімізде семантикалық ерекшелігі жағынан да, грамматикалық сыр-сипаты жағынан да, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да өзге сөз таптарынан оқшауланып тұратын, соған сәйкес, өз алдына дербес сөз табы ретінде қаралатын алуан бір сөздер еліктеу сөздер деп аталады. Еліктеуіш сөздер семантикалық жағынан алғанда, біріншіден табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуы я соқтығысуынан туатын, сондай-ақ неше түрлі жан-жануарлардың дыбыс мүшелерінен шығатын әр түрлі әрекет қимылдарынан туатын әр қилы дыбыстарға еліктеуінен пайда болған түсініктерді білдірсе, екіншіден, сол табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың және неше түрлі жан-жануарлардың сын-сипаты мен қимыл-әрекеттерінің қилы-қилы көріністерінен пайда болатын түсініктерді білдіреді. Мысалы: арс, гүрс, дүрс, ірк, қорс, тарс, тырс, ырс, барқ, борт, курт, кірт, морт, сарт, шырт, дүңк, тағы басқалар. Еліктеу сөздердің бір тобы семантикалық мағыналары жағынан табиғатта ұшырасатын әр алуан дыбыстармен байланыста болса, екінші тобының семантикалық мағыналары сол табиғаттағы әр қилы табиғи көріністердің бейнелерімен байланысты. Осы себептен бұл сөздер іштей екі салаға бөлінеді. Еліктеуіш сөздерді ең бірінші рет арнайы зерттеген доцент А.Ысқақов болды. Еліктеуіш сөздер семантикасына қарай екі топқа бөлінеді. 1. Еліктеуіш сөздер. 2. Бейнелеуіш сөздер. Бұл сөздер семантикалық жағынан ғана емес, фонетикалық, грамматикалық сыр-сипаттары жақтарынан да, (мысалы: буын құрылымы, морфологиялық құрылымы, синтаксистік қызметтері) бір-бірімен ұқсас, орайлас болып келеді. Еліктеу сөздердің өзді-өздеріне тән жалқы ерекшеліктері мен барлығына тән жалпы қасиеттері төмендегідей. Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысуы-соқтығысуынан туатын дыбыстарды сондай-ақ, жан-жануарлардың дыбысталу мүшелерінен шығатын әр түрлі дыбыстарды

есіту қабілеті арқылы белгілі түсініктер ретінде қабылдаудан болған және сол түсініктердің атаулары есебінде қалыптасқан сөздерді айтамыз. Мысалы: Мылтық тарс етті. Қарға қарқ етті деген сөйлемдерді алсақ, ондағы тарс деген сөз мылтықтың атылуынан туғанды дыбыстың атын білдірсе, қарқ деген сөз қарғаның дыбысталу мүшесінің (қарқыл-дауынан) шыққан дыбыстың атын білдіреді.

Демек, бұл екі сөздің екеуіне де жансыз және жанды заттардан шыққан дыбыстар негіз болған. Бірақ бұл дыбыстардың қайсысы болса да, әрине, сол дыбыстардың дауыстарын дәлме-дәл етіп айтуға тырысудан туған әрі дыбыстық бейне, әрі сол бейненің атауы ретінде қалыптасқан дыбыстар. Заттың құрылымдың бөлшектерінің ерекшеліктеріне қарай, жерге түскендегі дыбысы я дүңк, я қыңк, я дыңк, я тоңк, я тық етіп естілуін тілмен дәлме-дәл етіп жеткізу қиын-ақ. Дегенмен, осы дыбыстар дыбыстық бейне ретінде де, қалыптасқандықтан, оларды біз сөздер ретінде қабылдамаймыз. Оның бер жағында, бұл дыбыстар қайсысы болса да, жалаң дыбыстар емес, күрделі дыбыстар. Ал осы күрделі дыбыстар белгілі табиғат дыбыстарының таңбалары есебінде қабылданып, тиісті сөздерге айналған, оған көркем әдебиеттен бірер мысал келтірейік: Дәл сол кезде түп қарағаннан аса бере, алдына жас қызыл қозы топ ете түсті (М.Әуезов). Қасқыр тыпырлап жатқан қозыны көре сала, ырр етіп барып бас салды (М.Әуезов). Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қанжаса болып дар-дар айырылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш, қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды (М.Әуезов). Осы сөйлемдегі топ, ырр, дар-дар, сырт-сырт, қорқ-қорқ, сөздері тиісті дыбыстарды естуден пайда болған түсініктерді білдіреді. Сондықтан бұлар да, әрине еліктеуіш сөздерге жатады. Осындағы дар-дар, сырт-сырт, қорқ-қорқ, деген еліктеуіш сөздер бастапқы түрлердің екі рет қайталануынан жасалған. Егер сол сөйлемдердің құрылымдарына да, құрылыстарына да, ешқандай өзгеріс енгізбей тек осы еліктеуіш сөздерді қосарланған түрде емес, жалаң түрде ғана қолдансақ (мысалы, сырт етіп жас сүйек сынды), өзге сөздер сияқты еліктеуіш сөздердің не жалаң түрі мен қосарланған түрі болатыны олардың мағыналарында тиісті айырмашылық барлығы аңғарылады.

Демек, еліктеуіш сөздің жалаң түрі сол амал-әрекеттің бір ғана рет жасалатынын білдірсе, қайталанған түрі сол амал-әрекеттің үсті-үстіне әлде неше рет қайталанып жасалатынын білдіреді. Мысалы: дар айырылды және дар-дар айырылды; сырт етіп және сырт-сырт етіп; қорқ етіп және қорқ-қорқ етіп дегендерді мағына жағынан салыстыруға болады. Еліктеуіш сөздердің қайталанған түрлерін екінші сыңарындағы ашық дауысты қысаң дауысты еріндік дыбысқа ауысып өзгерсе, ол сөздің тұлғасында туған осы өзгеріске байланысты мағынасында да дәл өзгеріс туады.



Қорыта айтқанда, Еліктеуіштер әлем тілдерінің бәрінде бір құбылыс болғандықтан әмбебаптық сипат алады. Алайда, әр түрлі типологиялық топқа жататын тілдердегі еліктеуіш сөздер тұлғалық, құрамдық, мағыналық жағынан және жасалу жолдарына қарай өзара ерекшеленеді. Ал еліктеу сөздердің негізгі сипаты мынандай: Еліктеу сөздер дыбыстық құрамы жағынан белгілі бір заңдылыққа бағынғанын түбір күйінде екі, үш, төрт, кейде бес, алты дыбыстардан тұратын сөздер. Қосарланып келгенде, еліктеу сөздердің сыңарларының дыбыстық құрамы екіден бес, алты дыбысқа дейін жетеді. Еліктеу сөздердегі дауысты дыбыстарды жуан, жіңішке және ашық, қысаң болуы сол сөздердің мағынасына әсер етеді. Еліктеу сөздердің соңғы дыбыстары қос дыуыссызға аяқталады. Оның алдыңғысы міндетті түрде үнді, кейінгісі қатаң дыбыс болады. Еліктеу сөздер түбір күйінде тұрғанда нақты қандай мағынаны білдіретіні білінбейді. Олардың мағыналары көбінесе дыбысқа, көрініске, құбылысқа, тәуелді болып келетіндіктен, еліктеудің дәл мағынасы оның басқа сөздермен тіркесе түскенінде анық білінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аханов К. «Грамматика теориясының негіздері». Алматы , 1996.
2. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы». Алматы, 1992.
3. Бектұров Ш. «Қазақ тілі». Алматы, 2006.
4. Жұбанов Қ. «Қазіргі қазақ тілі жөніндегі зерттеулер». Алматы, 1966.

